

2023 оқу жылының 1 жарты жылдығының № 8 ГМ жүргізілген

Педагогикалық - психологиялық іс-шаралардың аналитикалық есебі.

Жаңа қоғамдағы бүгінгі жас ұрпаққа білім беру саласында, сауатты да жаңаша, білім мен тәрбие беруді және жаңаша көзқараспен қарауды талап етеді. Психологиялық қызметтің мақсаты мен міндеті мектеп жасындағы балалардың әр даму сатысында психологиялық дамуымен әлеуметтік қалыптасуын қамтамасыз ету.

Оқу жылының басынан мектеп оқушыларын жоспарлы зерттеу жұмыстары және соның нәтижесінде түзету, кеңес беру жұмыстары жүргізіліп отырды.

Оқу жылының басында жүргізілген жұмыстың мақсаты 1- сынып оқушыларының дайындық деңгейін анықтау, айналадағы танымдық-бағыттылық, болашақ оқу іс-әрекетін, мектеп оқушысы болғысы келу талап -тілегін, ұсақ қол моторикасын, тіл дамуындағы ерекшеліктерін әріптерді дұрыс дыбыстай алуын және балалардың логикалық ойлау қабілеттерін тексеру.

Бұл диагностика «Бояу », «Маған мектепте не ұнайды?», әдістемелері негізінде өткізілді.

1 сынып оқушыларының бейімделу деңгейі жалпы сыныптар бойынша 1 тоқсанда орташа деңгей көрсетсе жылдың соңында бейімделу сатысынан едеуір жоғары деңгейде өтті. Зерттеу нәтижесінде қажет деп тапқан кезде сыныппен де, жеке оқушы менде жұмыстар жүргізілді.

Оқу жылының басынан бастап 5-ші сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін бақылау психологтың, сонымен қатар бүкіл мектеп ұжымының алаңдайтын мәселесі болып табылады. Осы мәселелерді анықтау мақсатында келесі: «Мазасыздық деңгейін бағалау Филипс тесті», «Оқу мотивациясын зерттеу» (Лусканова), «Баспалдақ» әдістемесі.

Жылдың басында оқушылардың алаңдаушылық деңгейі әр сынып бойынша да ортадан жоғары көрсеткіш көрсетті, оның ішінде мектептегі жалпы мазасыздық шкаласы бойынша көрсеткен болатын. Осы бағытта сыныппен адаптациялық тренингтер дамыту сабақтары өткізілді. Жыл соңында оқушылардың алаңдаушылық деңгейі төмен көрсеткішке түсті.

8-9 сыныптар арасында тәуекел топта тұрған оқушылармен темпераментті анықтауға арналған тест жүргізілді.

8-9 сыныптар арасында Спилбергердің сауалнамасы алынды, өз-өзіне қол көтеруге қарсы . Анықталған оқушыларды есепке алынып жеке жұмыстар жүргізілді.

Зерттеу жұмысының тағы бір түрі – сырттай бақылау. Сол мақсатпен 1-5 сыныптарының сабақтарына қатыстым.

Оқушылардың ата-аналарымен де тығыз қарым қатынаста жұмыс жүргізілді. Жыл басында барлық сыныптар ата-аналарымен жалпы мектептік жиналысы жүргізілді. Баламен ата-ананың қарым-қатынасын, ата-ананың тәрбиедегі рөлі, баланы тәрбиелеуде қолданатын әдіс – тәсілдерін білу үшін ата-аналар арасында ашық әңгіме, жадынама беру жұмыстары жүргізілді. Түзету, дамыту және кеңес беру жұмыстары.

1-сынып оқушылары арасында бейімделуге байланысты «Кел, танысайық!» «Кішкентай көңілді адамдар» жоспар бойынша сабақтар жүргізілуде. Бұл сабақтың мақсаты: балалардың когнитивтік біліктілігімен қабілетін дамыту, өзара қарым –қатынасын жақсарту коммуникативтік біліктілігін жақсарту, оқу мотивациясымен жоғарғы дәрежедегі өзіндік бағасын қалыптастыру және мектепке деген бейімділігін арттыру, түрлі таным процестерін дамыту.

Бастауыш курсты бітіріп орта буынға баратын оқушыларда көптеген қиындықтар кездеседі яғни адаптацияның тағы бір кезеңін бастарынан өткізеді. Сондықтан бұл сыныптарға ерекше көңіл-бөлініп, «5-сынып оқушыларына бейімделу бойынша жүргізілетін психологиялық сабақтар» бағдарламасы бойынша сабақтар жүргізілді, жеке кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Қорытындысы бойынша балалар ойлары еркін түрде жеткізу, ойын толық айта алу қабілеттерінің ашылуы дамиды.

Мұғалімдердің, ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру жұмыстары өткізіліп, нәтижесінде туындаған мәселелер өз шешімдерін тапты.

Жас мамандармен педагогикалық ұжымға кіріктіру мақсатында сауалнама жүргізілді. Сондай- ақ сабақтарға қатысу, бақылау жұмыстары жүргізілді.

«Жасөспірімдердің арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» бағдарлама жөнінде хабардар ету және бағдарламаны таныстыру.

Бұндай дәрістердің көмегі психолог байқамай қалған сәтті балаға бағыт беріп көмектесу, дер кезінде аңғару қол ұшын созу.

Оқушылардан ар анайы дайындалған тест алынды. Кейін дәрістік сабақ жүргізілді.

Бұндай жанама бағдарлама өз деңгейінде балаға көмегін тигізуде.

Атқарылған жұмыстарды сараптай келе жыл басында қойылған мақсат міндеттер іске асырылды.